

*САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ
ОЙ-ПІКІРЛЕР ТАРИХЫНЫҢ
ІНЖУ-МАРЖАНДАРЫ*



**ТОМАС
ДЖЕФФЕРСОН**

**ТӘУЕЛСІЗДІК
ДЕКЛАРАЦИЯСЫ**

ИНАУГУРАЦИЯ

КЕЗІНДЕГІ

СӨЗДЕРІ

ТОМАС ДЖЕФФЕРСОН

ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

ИНАУГУРАЦИЯ КЕЗІНДЕГІ СӨЗДЕРІ

*Инаугурация кезінде сөйленген сөздерді
ағылшын тілінен орыс тіліне аударғандар
С.А. Нұрғазиева мен В.В. Марков*

*Кіріспе мақаласын және ескертулерін жазған заң
ғылымының докторы, профессор
С.Ф. Ударцев*

ББК 66.3 я 73

Д 37



SPI

“Жеті жарғы” ЖАҚ 2002 жылы Франция
өнеркәсібіне жәрдемдесу жөніндегі
Ассоциацияның
Алтын медалімен наградталды

*Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр*

Кітап LES AZIMUT ENERGY SERVICES қолдауымен жарық көрді. Басылым таралымының едәуір бөлігі Қазақстанның жоғары оқу орындарына және кітапханаларына, сондай-ақ Қазақстанның студенттері оқитын шетелдің жоғары оқу орындары мен кітапханаларына тегін беріледі.

The book was published with an assistance of LES AZIMUT ENERGY SERVICES. The most of Edition must be distributed among the higher education institutions, libraries and for Kazakhstanish students studying at Foreign in stitution on free charge.

Джефферсон Томас

Д 37 Тәуелсіздік декларациясы. Инаугурация кезіндегі сөздері / Инаугурация кезіндегі сөздерін ағылшын тілінен орыс тіліне аударғандар: С.А. Нұрғазиева мен В.В. Марков; Кіріспе мақаласы мен ескертулерін жазған С.Ф. Ударцев. — Алматы: Жеті жарғы, 2003. — 64 бет: суретті. (Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары сериясы.)
ISBN 9965-11-114-6

Кітапшада Томас Джефферсонның үш шығармасы басылған. Томас Джефферсон (1743—1826) — АҚШ-тың негізін қаласқандардың бірі. Елдің үшінші президенті. Американың демократиялық дәстүрдің саяси-құқықтық ой-пікірлерінің көрнекті өкілі. Т. Джефферсон жазған “Тәуелсіздік декларациясы” бұрынғы отар елдердің алдынан азаттық дәуірін ашқан және адам құқығын бекіткен тарихи құжат болып 1776 жылы АҚШ Конгресінде қабылданған.

Бұл студенттерге, аспиранттарға, заң, саясаттану, тарих, басқа да гуманитарлық факультеттердің мұғалімдеріне және ой-пікір тарихының мәселелерімен айналысушылардың барлығына арналған.

Д $\frac{1202000000 - 036}{419 (05) - 2003}$ хабарланбаған — 2003


ББК 66.3 я 73

© С.Ф. Ударцев, кіріспе мақала,
ескертулер, құраст., 2003

© Аударған Т. Қаймолдинов, 2003

© “Жеті жарғы” ЖШС, 2003

ISBN 9965-11-114-6



Th Jefferson

...Тарих адамдарға болашақ туралы әңгіме қылуға мүрсат етеді; ол оларға басқа уақыт пен басқа халықтардың тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік береді...

Т. Джефферсон

ТОМАС ДЖЕФФЕРСОННЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

АҚШ тарихы XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XIX-ғасырдың басында әлемге көрнекті саңлақтар тобын берді. Олар әр қилы көзқарасты ұстанып әр түрлі партиялардың құрамында болғанымен, барлығы да американың жас мемлекетінің негізін қалаушы әкелері ретінде тарихта қалды. Себебі, олар өз елінің тарихи тағдырына ғұмырларын арнап, оның қалыптасуына және нығаюына құдайдай сенді. Франклин, Вашингтон, Адамс, Гамильтон, Мэдисон, Джей, Пейн және тағы басқалардың арасында америка тәуелсіздігінің және демократиясының әкелерінің бірі, көрнекті саяси ойшыл Томас Джефферсонның (1743–1826) да есімі бар.

Томастың әкесі – Питер Джефферсон Виргинияға алғашқы қоныс аударушылардың бірі болды. Оның арнайы білімі болған жоқ, бірақ өз бетімен білім алу үшін көп дайындалды. Ол графтықтағы ақылды, сауатты әрі құрметті помещик болғандықтан оны аса жауапты жұмыстарға шақырып отырды, Мысалы, Виргиния штатының шекарасын белгілеп, картасын жасауға, заң шығарушы жиналыстың жұмысына. Әкесі қайтыс болғанда Томас 14 жаста еді. Отбасына қамқорлық жасау үлкен баланың иығына түсті.

Джефферсонның шешесі – Джейн Рандолф әкесімен отбасынан шыққан. Оның шежіресі Англия мен Шотландия тарихында ежелден келе жатыр. Демо-

крат Томас Джефферсон жазғанындай, “Өркім өзі таңдаған сенім мен құрметке сол деңгейде қарауға ерікті¹. Томас отбасындағы үшінші бала, оның екі інісі, алты қарындасы болды.

Ол бес жасынан ағылшын мектебіне, ал тоғыз жасынан бастап латын мектебіне барды. Одан кейін, 1760 жылдан бастап екі жыл бойы Вильямсбург қаласындағы Уильям және Мэри колледждерінде оқыды. Сонда жүргенде, ол өзіне үлкен ықпал еткен Шотландиядан шыққан математик әрі философ профессор Уильям Смоллмен достасты. Профессор өзінің заңгер досы Джордж Уиттың (Уайттың) өзінің жетекшілігімен Томастың кұқықты оқып-үйренуіне рұқсат етуге жәрдемдесті, сондай-ақ жас жігітті губернатор Фрэнсисстің ортасына қосты. Фокье, Джефферсонның айтуы бойынша, “осы орынға отырғандардың барлығының ішіндегі ең қабілетті адам еді”². АҚШ-тың болашақ үшінші Президенті кейіннен онымен болған кездесулерінде, өзінің алған біліміне қарыздар екендігін еске алды. Кейінірек, Уайт мырза оның адвокаттық жұмысқа тұруына да көмек берген еді. Кезінде, 1776 жылы Уайт өзінің жас досының дайындаған Тәуелсіздік декларациясына қол қойғандардың бірі еді.

Джефферсон Виргиния штатындағы Уильям және Мэри колледжінде юриспруденцияны оқып бітірген соң, сол штаттың Жоғарғы сотының адвокаттар алқасында болды. Ол өзінің “Өмірбаянында” Революция барлық сот орындарын жапқанынша заңгерлік тәжірибесінің жалғасқанын еске алады³. Оның адвокаттық қызметі айтарлықтай табысты болды, клиенттерінің саны тез өсті. Егер, адвокаттық қызметке тұрған

1767 жылы 68 істі жүргізсе, ал төрт жылдан соң 430 істі жүргізді⁴.

Джефферсонның 26 жасында Виргиния штатының заң шығарушы органына депутат болып сайлануы оның саясат жолындағы мансабының жарқын болашағына ықпал етті. Жас жігіттің негізінен тәуелсіздіктің жағына еңбек сіңіруіндегі атағы оның байсалдылығы, көп оқығандығы әрі “үндемейтін депутаттығы” ретінде танылды. Ол үшін, сөз сөйлегеннен гөрі, хат пен мақала жазу оңайға түсетін-ді. Джефферсон 1776 жылы Континентальдық конгресс комиссиясының тапсыруымен 1776 жылдың 4-шілдесінде Филадельфиядағы конгресте қабылданған атақты “Тәуелсіздік декларациясын” жазу бақытына ие болды.

“Тәуелсіздік декларациясының” жобасын Джефферсон 17 күн, яғни 1776 жылдың 11 маусым мен 28 маусым аралығында дайындады. Ол әрбір сөзді екшеп, оның мән-мағынасына қарады. Бұл құжатта адамзаттың алдыңғы қатарлы ойшылдары мен замандастарының ақыл-ой шабыты түзілген. Дайындалған мәтінді Джефферсон Конгресс комиссиясының мүшелері Б. Франклин мен Д. Адамсқа көрсетіп, олар біршама өзгертулер енгізгені белгілі. Олардың ескертпелерінен кейін, комиссия мақұлдаған құжаттың соңғы жобасы жазылды да, 28-маусымда “Бас Конгресске жиналған Америка Құрама Штаттары өкілдерінің декларациясы” ретінде Конгрестің қарауына ұсынылды. 19 шілдеде Конгресс оның атын өзгертіп: “Американың біріккен он үш штатының бірауызды декларациясы” деп атады⁵.

Конгрестегі талқылау үш күнге созылды. Құжаттың 800 сөзінен Конгресс 460 сөзін немесе мәтіннің

ширек бөлігін алып тастады⁶, бірнеше сөйлемдер мен сөздер алмастырылды және екі үстеме қосылды (ескертулерді қараңыз). Декларацияны Конгресс 2-шілдеде мақұлдады, Конгресс мүшелері 1776 жылы 4-шілдеде қол қойды. Одан кейін ол пергаментке көшіріліп, 1776 жылы 2-тамызда қайта қол қойылды⁷.

Т. Джефферсон дайындаған осы мәтін конгресс тарапынан аздаған өңдеуге түсіп, редакцияланды. Кейбір жеке сөздер ең ұрымтал, нақтылы, әсіре емес сөздермен алмастырылып, саяси жағынан өткір бірнеше ұғымдар алынып тасталды⁸. Англияда қарым-қатынасты сақтауға тұрарлық достарымыздың болуы күйрек үміттің отын әлі де сөндірмеді, – деп жазды Джефферсон өзінің “Өмірбаянында”. Сондықтан да алынып тасталынған, өңделген, сызылған жолдар олардың өкпеназын тудырмас үшін жасалынды. Африкада тұратын тұрғындардың құлдарды ұстауын айыптайтын баптың сызылып тасталуы Оңтүстік Каролина мен Джорджия штаттарының пайдасы үшін шешілді. Себебі, бұл штаттағылар құлдарды әкелуді қысқартпақ түгіл, қайта құл сатуды одан әрі жалғастыруды қалады. Ал, біздің солтүстіктегі бауырларымыз да, менің ойымша, өздерінде құлдар аз болғанымен осы пікірді қалаған сықылды, өйткені олар басқа штаттарды құлдармен ірі көлемде жабдықтаушы еді”⁹.

Америка халқының бұл өзін-өзі азат ету манифесті кейіннен көптеген көре алмаушылықты, күдіктерді, аңыздарды туғызды. Дж. Адамс Джефферсон “Декларацияны” Дж. Отистың памфлетінен көшіріп алған деп мәлімдеді, басқалар оны шығарманың идеясы Дж. Локканың “Басқарудың екі трактаты” шығармасынан алынған деп кіналады, кейбіреулер оның жасырын авторы Т. Пейн деп санады.

Джефферсон өзінің қарапайым жауабында, жаңа дәлелдемелер мен принциптер ашуға тырыспағанын, тек отандастарының ақыл-түйсігін нақтылы айқындайтын және дұрыс ойлау тұрғысынан жағдайды түсіндіруді ғана мақсат тұтқанын айтады¹⁰. Сонымен қатар, саяси қарсыластары Джефферсонның “Виргиния штаты туралы мақалалар” (1785) атты кітабындағы демократиялық идеяны белсенді түрде соққыға алды. Соған қарамастан, кейіннен ол Виргиния штатының губернаторы қызметін атқарды. Артынша, Ұлы Франция революциясының қарсаңы мен алғашқы айларында, Б. Франклиннен соң АҚШ-тың Франциядағы елшілігін басқарды. Ол 1789–1793 жылдары АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы, 1796 ж. – вице президенті, ал 1801 жылдан екі мерзім бойы АҚШ-тың үшінші президенті болды.

Джефферсонның 1801 жылғы президент сайлауындағы жеңісін көптеген американдықтар екінші революцияның басталуы, яғни 1776 жылғы революция желінің қайта соғуы деп қарады. Бір қызығы, 1801 жылғы Президент сайлауының 36-ы турында сайлаушылардың¹¹ дауыс беруімен Джефферсон Президент болып сайланды. Ал, бірнеше жылдан кейін Президент сайлауының екінші мерзіміне түскен ол ешқандай бәсекесіз Президенттікке өтті. 1797 жыл мен 1815 жылдар аралығында Джефферсон Американың беделді философиялық қоғамының президенті болды. 1814 жылы Т. Джефферсон Конгреске өзінің жарты ғасырға жуық жинаған бай кітапханасын ұсынды. Ол дүние жүзіндегі ірі кітапхананың бірі АҚШ-тың Конгресс Кітапханасының қорына қосылды.

Джефферсон республикалық партияның құрамында болатын, бұл партия АҚШ-тың қазіргі демократия-

лық партиясының ізашары. Демократтар федералистер партиясына оппонент болып шықты. Бірақ та, Американың осы екі негізгі партиясының тәуелсіздік үшін күрестегі революциялық Американың осы екі негізгі партиясының тәуелсіздік үшін күрестегі революциялық кезеңінен бастап, олардың арасындағы қайшылықтары Еуропа партияларының күрестегі қарама-қайшылығымен салыстырғанда бәсеңдеу еді. Егер де оларды Еуропадағы осы тақылеттес партиялармен салыстырар болсақ, Американың “солшылдары” біршама оңшыл, ал оңшылдары біршама “солшыл” болатын. АҚШ-та орташа тап баса көрсетілген, қоғам өзінің біркелкі болуымен ерекшеленді, еуропалық тұрғыдан ескі әлем мен оның нағыз жақтаушылары жоқ деуге болады. Джефферсон ақылды адам еді, партиялық бір жақтылықпен шектеліп қалмас үшін адами қасиет пен адамдардың қабілетін партиялық біржақтылықтан жоғары қоя отырып, басқа партиялардың көптеген көрнекті қайраткерлерімен де жақын болды. Сөйте тұра ол екі партияның арасындағы, оның пікірінше, принципті айырмашылықты атап көрсетті:

“...халықты бағалау, оған қамқорлық жасау – біздің партияның принципі. Халықтан қорқу және оған сенбеу – басқа партияның принципі”¹².

Джефферсон Виргиния штатының заңшығару актілерімен жұмыс жасаған кезінде-ақ, демократиялық дәстүрді қалыптастыруда маңызды рөлі болған бірқатар негізгі принциптерді тұжырымдаған болатын. Мысалы оған мына принциптерді жатқызуға болады: демократияның өзара тығыз байланыста болуы және халық ағарту ісі; ақылды да адал билеушілердің қажеттілігі; еркін қоғам үшін оның азаматтарының

таланты абыройын ынталандырып отырудың қажеттігі; талантты азаматтың “байлығына, шығу тегіне немесе түрлі жағдайларына қарамастан” білім алуына жол ашу; кедейлердің балаларына “жалпы есептен”¹³ білім беруді ұйымдастыру. Осылайша, Джефферсон демократияның негізін және оның тиімділігін білім беру жүйесінің демократизмімен, халықты ағарту және білім берумен, мемлекеттік қызметшілердің жоғары деңгейдегі дайындығымен және қоғамдық іске дарынды азаматтарды тартумен тығыз байланыстырды.

Джефферсон – азаматтардың теңдігін жақтаушы, адамдарды езуге, қоғам байлығын әділетсіз бөлуге қарсы болды. “Тәуелсіздік декларациясында” былай делінген, “Адамдардың барлығы бірдей жаратылған және Жаратушы белгілі бір (тумысынан және) ажырамас құқықтар берген, олардың ішінде – өмір сүруге, бостандыққа және бақытты болуға ұмтылу құқығының берілуі көрініп тұрған ақиқат деп санаймыз...”¹⁴.

Ол үндістердің европалықтардан принципті түрде ешқандай айырмашылығы жоқ екендігі туралы жазды (мысалы, Виргиния штаты туралы мақалаларында), Америка континентінде, бүгінгі күннің заңдары мен құлдықтың өмір сүруінің тарихи ақталғандығынан бастау алатын дәстүрлеріне мойынсұнып отырғанмен, африкалықтарды құлдықта ұстаудың сақталып отырғандығын сынады.

Соған қарамастан, ол, адамдардың әр түрлі өмір сүруі мен теңсіздігін, рухани байлық пен талантқа негізделген “туа бітті ақсүйектіктің” қоғамда байлық пен туысқандық және шығу тегіне негізделген “жасанды ақсүйектіктен” айырмашылығы бар екендігін мойындады¹⁵.

Джефферсон АҚШ конституциясының қайсыбір жақтарын, атап айтқанда Президенттің уәкілдік мерзімі шегінің анықталмағандығын, адам құқығы жайлы тараудың болмауын сынға алды. Құқықтар туралы Биллдің қабылдануын қолдады. Алғашында ол конституцияның алғашқы редакциясына қарсы өре түрегелген штаттарды ақтауға ниет қылса, Дж. Мэдисон мен “Федералист” мақалаларының ықпалымен, сондай-ақ конституцияны халық қолдауының нәтижесінде, байыпты саяси баға бере білді.

Ойшыл мемлекет пен құқықты адам баласының ақыл-ой, еркіндік және адамгершілік табиғатымен байланысты құбылыс ретінде қарастырды. Сонымен қоса адам ол үшін өзінің дамушы ақыл-ойы мен еркін ерік жүйесі арқылы жануарлар әлемінен бірте-бірте алыстай беретін, табиғат берген құқықтары мен туа біткен өділеттілік сезімдері бар¹⁶ өлеуметтік тіршілік иесі. Ол 1821 жылы Джон Адамсқа ...қауым мен еркіндік тарихқа үздіксіз қадам басып келеді”¹⁷, деп жазды. Солай бола тұрса да адам баласының өлемді басқаратын прогрессивті дамуы, білімі мен мәдениетінің жетілуі, заңдылықты түсінуі, ұзақ өрі біртіндеп болатын процесс.

Адам жауынгер, өзін-өзі құртуға қабілетті тіршілік иесінен қоғамды өзінің даму деңгейіне сәйкес ұйымдастыратын ақыл-ойы жетілген тіршілік иесіне дейін дамиды.

Джефферсонның ойынша адам баласының прогрессивті дамуын, білімі мен мәдениетін қолдау және көтермелеу қоғам мен мемлекеттің мүддесі, себебі оқыған, ақылды, еркін адамдармен жұмыс істеу, басқару жеңіл өрі тиімді болмақ. “Ақыл-ой мен шындық” – адам ба-

ласы мен қоғамның табиғатына етене қабысқан ең тиімді әлеуметтік басқару құралы. Егер де жеке бір адам, не партия, немесе әлеуметтік топ ақылсыз істі аңғарса, оны адамзаттың негізгі құқығына әсер еткен тұтас бір ақыл-ой өлшемі деп қарауға болады, – деп есептеді ойшыл.

Джефферсон – өзінің революциялық-демократиялық рухының түсінігімен шынайы құқық теориясының дәйекті жақтаушысы еді.

Шынайы құқыққа шағым жасау АҚШ-тың Англиядан рухани-құқықтық жағынан ақыл-ойының азат болуының негізі “Тәуелсіздік Декларациясында” қамтылды. Шынайы құқық, жағымды (позитивтік) құқықпен салыстырғанда қандай жағынан болмасын аса бағалы деп түсіндірілді. Себебі ол жеке адаммен ғана байланысты құбылыс емес, халықтың адамзаттың егемендігімен және оның еркіндігімен және тәуелсіздігімен байланысты делінді.

Ешкім, ешқашан, қандай уақытша билікті пайдаланбасын, жоғары адамзаттық құндылықтарға қол сұғуға, адамның табиғатына және қоғамның негізіне менсінбеушілікпен қарауға құқығы жоқ. Бұл – әлем дамуының ақыл-ойымен, табиғат заңдарымен, Құдаймен байланысты адамзаттың аса жоғары өзекті мәселесі.

Тарихта қанша дамығанмен әзірге адамның мүмкіндігін ғарыштың биік заңдарымен және күштерімен салыстыруға болмайды, табиғи құқық соның белгісі болып табылады.

Джефферсон осы бір мәңгілік өзекті мәселе жайлы ойлана келіп, табиғи құқықтан адамның ғарышқа әлемнің ең жоғары заңына қатысы бар екендігін аңғар-

ды. Табиғи құқық – табиғатпен бірлестіктегі құбылыс, адам табиғатының елеулі жағы (квинтэссенция). Бұл – табиғи дамудың терең әрі күшті құралы, ол әдетте білінбей әрі спонтанды әрекет етеді, бірақ қажет болған жағдайда революцияның бәрін қирататын құқықтың құралы ретінде өзін көрсетуге қабілетті.

Бұрынғы батыл демократ Джефферсон саяси тәжірибесі қалыптасқан сайын, икемді саясатшыға айналып, қандай істе болмасын шыдамдылық танытып, “қақ ортаны” сақтап отырады. АҚШ президенті қызметіне 1801 жылы кірісерде ол америкадағы негізгі партиялар бөлек-бөлек болмай, қайта біріге түсу үшін “Біздердің барлығымыз республикашылдармыз, біздердің барлығымыз федералистерміз” деп сөйледі. Бірақ ол әрқашан да табиғи құқық пен демократияның теориясын жақтаушы болып қалды. Ұлы Француз революциясы басталған жылы ол былай деді: “Үкіметке сеніп тапсыруға болмайтын және барлық үкімет біткен осы уақытқа дейін бұзуға тырысып бағатын құқықтар бар. Бұл – ойлау және өз ойының жариялығын ауызша немесе жазбаша беру құқығы; бұл – еркін сауда құқығы; бұл – жеке адамның бостандығы мен қол сұғылмаушылық құқығы”¹⁸. Джефферсонның көп жылғы тәжірибеден алынған прагматизмі оны демократиялық көзқарастан тайдырған жоқ.

Ойшыл-демократ 1826 жылы былай деп жазды: “Құдайдың мейірімі түсіп басқаларды ерттеп мінуге дайын артықшылықты азғантай адамдардың өкше темірлі етікпен тумайтындығы сияқты, адамзаттың көпшілігін құрайтын адамдар да дүниеге арқасына ертоқым салып тумайды”¹⁹.

Томас Джефферсон – адамдардың еркін де саналы таңдауын ұйғаратын азаматтардың құқығы мен бос-

тандығына кепілдік беретін конституциялық құрылыстың жақтаушысы.

Қоршаған әлемнің адам бостандығы мен келісімі, оның табиғатының атрибутты белгісі ретінде, прогресс жолында алға жылжи отырып, Джефферсонның айтуы бойынша, икемділік пен ақылдылықты, заңнама-ны үнемі жетілдіріп отыруды, соның ішінде оның нағыз формальды конструкциясын, негізін қалаушы актілерді талап етеді.

“Қайсыбір адамдар бар, – деп жазды ол. – Конституцияға киелі зат түрінде қастерлеп, оны қасиетті өсиеттің кемесі ретінде санап, осы үлкен киеге жанасудың өзін қадір тұтады. Олар адамдарға өткен уақыттың даналығын таңып, олардың қолымен істелген дүние қандай да бір түзетуге немесе толықтыруға жатпайды деп есептейді... Мен, әлбетте, заңдар мен Конституцияларға тәжірибеде өзін ақтай қоймаған өзгеріс енгізулерді жақтамаймын.

Мен оның азғантай ғана жетіспеушілігіне ең жақсысы шыдау керек деп ойлаймын... Бірақ мен заңдар мен адамгершілік институты бір-бірімен қатар, адамзаттың ақыл-ойының дамуымен бірге жүруі қажет деп білемін”²⁰.

Нағыз республикашыл Джефферсонның монархияға теріс қатынасына ең алдымен ағылшын монархиясының талқыға түсуі және 1780 жылдары Франциядағы және басқа елдердегі, әсіресе оның өмірінің европалық кезеңдеріндегі, монархияны бақылаудың жеке тәжірибесі ықпал етті.


Монархты тәрбиелеу жағдайы, оның пікірінше, әлсіз де ынжық, тоятпаған өрі өзімшіл тіршілік иесінің пайда болуына жағдай туғызады.

XVIII-ғасырдағы Еуропаның көптеген мұрагер монархтарына сайлау науқанына қатысу мүмкіндігі туса, онда олар Американың ең кішкентай қаласының өкілді органдарының бәсекесіне шыдай алмас еді, – деп жазды Джефферсон.

Европалық монархия оған тарихтың кешегі күні болып көрінді.

“Біздің конституциямыздың барлық кемшіліктеріне қарамастан, деп жазды ол Джозеф Джонсқа 1787 жылы, – біздің үкіметімізді Еуропаның үкіметтерімен салыстыру – бұл жұмақ пен тамұқты салыстырғанмен бірдей болар еді”²¹. АҚШ азаматтары саяси жағынан алғанда өте бақытты жағдайда тұр деп мойындады.


Республика тіршілік ете алатын аумақтың көлеміне қатысты мәселеде еуропалық ойшылдарға қарағанда американдық теоретиктер – А. Гамильтон, Дж. Мэдисон, Т. Джефферсон және басқалары республика ірі мемлекетте де тіршілік ете алады деп ұйғарды. Джефферсон, мысалы, республика – аумағы бойынша шағын мемлекеттерге тән басқару нысаны, ал монархия, деспотия – керісінше – ірі елдерге тән деп санайтын Монтескьемен айтысқа түсті. “...Монтескьенің принципіне қарамастан, – деді ол АҚШ-тың мысалы туралы айтқанда, – ол неғұрлым үлкен болса, оның республикалық құрылысы, егер ол басқыншылыққа емес, шарт, келісім және теңдік принциптеріне сүйенетін болса, соғұрлым мықтырақ болатынына бөрінің көзі жететін болады”²². Мемлекеттің келісім-шартқа құрылған табиғаты және оны іске асыру, Джефферсонның айтуы бойынша, мемлекетті жанарта түседі, ол жайындағы немқұрайлы түсініктен бас тартуды талап етеді. Ол үкімет пен күш саясатын емес, үкімет пен



АҚШ-тың бірінші президенті
Джордж Вашингтон²³



Джон Адамс –
АҚШ-тың екінші президенті



АҚШ-тың төртінші президенті
Джеймс Мэдисон

IN CONGRESS. July 4, 1776.

The unanimous Declaration of the thirteen united States of America,

When in the course of these events we considered the laws and constitution established by our forefathers, and the various petitions and addresses to the British Parliament, we have seen the necessity of declaring our independence, and of forming a new government for ourselves. We therefore declare, that the thirteen united States of America are, and of right ought to be, free and independent States; that they are absolved from all allegiance to the British Crown, and that all political connections between them and that King, ought to be totally dissolved; and that as a consequence of the declaration of their independence, and of the dissolution of their political connections, they have full power to levy war, conclude peace, contract alliances, establish commerce, and to do all other acts and things which independent States may lawfully do. And for the support of this Declaration, we have signed our names, and have caused this Declaration to be signed by the Representatives of the thirteen united States of America, in Congress assembled.

John Hancock
John Adams
Samuel Adams
James Otis
James Wadsworth
... (many other names) ...

АҚШ-тың Тәуелсіздік декларациясы.
Суретті 1823 жылы баспашы Уильям Стоун жасаған.




Бенджамин Франклин – американдық ағартушы және мемлекет қайраткері²⁴



Александр Гамильтон – АҚШ-тың бірінші президентінің үкіметіндегі қаржы министрі, “федералистер” лидері. 1791²⁵



Джон Джей –
АҚШ-тың бірінші жоғарғы судьясы



АҚШ-тың үшінші президенті –
Томас Джефферсон

парасат саясатының тұжырымдамасын жақтап шығуға бейім еді²⁶.

Бұдан басқа АҚШ-тың негізін салушы өкелерінің пікірі бойынша XVIII және XIX-ғасырдың басындағы республикалық мемлекеттің көлемі қажет болған жағдайда елдің жоғары заң шығару органын кезек күттірмейтін мәселелерді шешу үшін қолайлы мерзімде жинап алатындай болуы керек. АҚШ, өздерінің сенімі бойынша, өзінің көлемі бойынша бұл критерийге сай келеді.

Томас Джефферсонның президенттік кезеңінде 1803 жылы Наполеон Франциясынан Луизиананы сатып алғаннан кейін (бір миллионға жуық шаршы миль, 60 млн франк немесе мөлшермен 15 млн долларға түскен) АҚШ өзінің аумағын екі еседей ұлғайтып, жер планетасында Ресейден кейінгі екінші орынды алды. Бұл мәміле, сірә, жылжымайтын мүлік мәмілесінің тарихындағы ең тиімдісі болған шығар. Джефферсон Луизиананы сатып алуды іске асыру барысында конституцияда көрсетілген Президенттік өкілдіктен формалды түрде ауытқыды. Алайда ол бұл жағдайда Конституцияның әрпіне емес, рухына, азаматтардың кең қолдауына сүйенді.

Президент болып тұрғанда, ол мемлекеттік қарызды 80 млн. доллардан 27,5 млн. долларға дейін, сондай-ақ мемлекеттік шығындарды қысқарту жөнінде батыл шаралар қабылдады. Ол армияның санын 4 мыңнан 2500 адамға дейін қысқартуға қол жеткізді. Консулдармен және өкілдіктермен амалдай тұруға болатын жерлерде АҚШ-тың елшілерінің санын қысқартты²⁷, азаматтардан алынатын салықты күрт азайтты, демократия мен өзін-өзі басқаруды дамытуға бағытталған шараларды белсенді түрде қолдады.

Ол – билікті бөлу жағында болды. Алайда консервативті федералистер жетекшілерінен (А. Гамильтон, Дж. Адамс және басқаларынан) артықшылығы, оны орта және ірі жеке меншік иелерін биліктің тепеңдік пен тежемелік жүйесінің көмегімен кедей отандастарының көпшілігінен қорғау, екі палаталы парламентті бекіту, кедейлер үшін жоғарғы палатаның жабық болуы қажет деушілерді және т.б. қорғау мәселесі емес, биліктің барлық тармақтарының халықпен байланысы принципі мәселесі көбірек қызықтырды. Сонымен қатар ол былай деп атап көрсетті, егер көпшілікке зорлық-зомбылық жасалмай, азшылық халықтың еркі құрметтелетін, азшылыққа жататын, соның ішінде байлардың, басқаша ойлайтындардың және тағы басқа да тең құқылығы танылатын болса, көпшіліктің еркіне бағынатын республикалық табиғи принцип ақылға сыйымды болып қала береді.

Ол сондай-ақ Республика үшін оның уақытында ең басты қауіп билікте орын алуы мүмкін озбырлық атқарушы биліктен емес, заң шығарушы биліктен шығады деген федералистермен де келісті. “Заң шығарушылардың зорлық-зомбылығы деп жазды ол, бүгінгі уақытқа және алдағы болашақ жылдарға да нағыз мықты қауіп. Өз кезегінде атқарушы билікте қауіпті жағдай тудырады, бірақ ол – әлі алда болатын іс”²⁸ – деді.

Баспасөз бостандығы демократияның маңызды бөлігі деп танылды, ол тіпті оған мүмкін болатын асыра пайдалануға қатысты түзету енгізілуіне, баспасөзді қудалау мен сөз бостандығын шектеудің нәтижесі ретіндегі жалған бірауыздылыққа қарамастан, Джефферсонның пікірінше, демократияның баянды болуына көбірек жәрдемдеседі.

Джефферсон ант берген соттың және осы демократиялық институттың неғұрлым кеңінен қолданылуының табанды жақтаушысы болды. Ант берген сот – деп жазды ол, бұл жеке құқықты, жекеменшікті және кез келген адамның кіршіксіздігін қорғайтын ең жақсы қорғаушы²⁹.

Джефферсонды бүгінгі күнге дейін, кейбіреулер, соның ішінде қайсыбір американдық судьялар да бар, сот билігінің тәуелсіздігін шектеуге ұмтылғаны үшін кінәлайды. Ол республикалық басқару нысанына тағайындап қоятын емес, судьялардың импичментке шынайы мүмкіндігі бар, халық сайлайтын кәсіби сот сәйкес келеді деп жорамалдады. Джефферсон американың соттарында демократизмнің жетіспейтіндігін сынға алды, ол жалпы көпшілік үшін неғұрлым ашық болуы керек, соттардың қызмет ету мерзімі оларды бақылаусыз, бетімен жібермеу үшін аса үлкен болмауы керек (судьяларды алты жылға тағайындауды ұсынды) деп санады. Оның пікірі бойынша, сот билігінің жүйелі демократиялық конструкциясы, жекелеген кемшіліктеріне қарамастан, тұтастай алғанда азаматтардың энергиясы мен бастамасын, халықтың еркі мен мүддесін барынша игере отырып, неғұрлым берік болып шығады. Ол Президент болып тұрған кездің өзінде, сот жүйесінің ұйымдастырылу принципіне және судьялардың тұрақты құрамына елеулі ықпал ете алмады. АҚШ-тың Жоғарғы Соты, оның төрағасы, федералистік судьялар сот тәуелсіздігін қорғайтын алынбас қамал болып шықты.

Джефферсон Президент болып тұрғанда “әкімшіліктің атағы мен беделі саясатқа қандай тәуелді болса, оның қызметкеріне одан бір де кемдігі жоқ тәуелді”

деп санап, лауазымды тұлғаларды іріктеуде және орнынан түсіруде өте талғампаз әрі сақ болды. Өзінің Президенттік екі мерзімінде, Президент тағайындайтын 433 шенеуніктің бар болғаны 109-ын ғана ауыстырды, оның өзінде де федералистік және республикашылдар (демократтар) партияларының Конгрестегі үлес салмағын ескере отырып жасады.

Джефферсон екі рет 1801 және 1805 жылдары АҚШ Президенті лауазымына келгенде инаугурациялық сөзін сөйледі. Жаңа президенттің сөзі демократиялық саяси-құқықтық көзқарасты білдірді және оның үкіметінің сайлау алдындағы уәделерін жүзеге асыру жөніндегі іс-әрекеттер бағдарламасы болды. Екінші инаугурация кезіндегі сөзі теңдік, бостандық, өзін-өзі басқаруды дамыту және мемлекеттік шығындарды қысқарту, сол арқылы халықтан алынатын салықты азайту идеясын жүзеге асыру туралы есебі ретінде тартымды болды.

Төменде беріліп отырған инаугурация кезіндегі сөздері іс басындағы саясаткерлерге де және саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихын оқып, зерттеушілерге де өте қызғылықты болмақ.

Адамның бағыт-бағдары мен көзқарасы туралы оның тарихи тұлғаларға баға беруі, тұтас алғанда жалпыға белгілі позициясы көп нәрсені аңғартады. Джефферсон Наполеонның Франция халқын азат ету жолындағы әрекеттердің бірін тұншықтырғандығын, Еуропа халқына соғыс арқылы көптеген қайғы-қасірет әкелгендігін мойындай отырып, оған сын көзімен қарады.

Робеспьердің және басқа якобиншілердің “қатыгездігі мен жауыздығы” дүниежүзілік қоғамдық пікірде революцияның беделін түсірді деп санап, және


Америка француз революционерлерінің қайғылы қателерін қайталамайды деп үміттеніп отырып, ол Ұлы француз революциясы кезеңіндегі якобиндік террорға да теріс көзқараста болды. Сөйтсе де, Джефферсон үшін революция, халық көтерілістері – қоғамдық өмірдің жаңа нысандарына табиғи жолмен түбірлі ауысу, қоғамды “биліктің сұрқиялық шектен тыс пайдалануынан” тазарту. Ол “Тәуелсіздік декларациясында” былай деп жазды, егер мемлекеттік құрылыс адамның табиғи құқығына сәйкес келмесе, оны бұзса, басқарушылардың келісіміне негізделмеген болса, онда “халық оны өзгертуге немесе жоюға және жаңа құрылысты орнатуға құқылы. Ол негізінен халықтың қауіпсіздігі мен берекесін ең жақсы түрде қамтамасыз етіп, ұйымдастыра алатын принципке құрылады”³⁰.

1823 жылы экс-президент Джефферсон, Президент Джеймс Монроның сыртқы саясат доктринасының қалыптасуына шын мәнінде қатысты. Монро өзінің өріптесіне АҚШ-тың Англияға және басқа да еуропа елдеріне саясаты қандай болмақ деген кеңес сұрады. Президент Монроға жазған хатында Джефферсон былай деп жазды, атап айтқанда: “...Біздің бірінші және негізгі принципіміз, ешқашан да, еуропалық жанжалдарға араласпауымыз керек. Біздің екінші принципіміз мынаған саяды, Еуропаны біздің Атлант мұхиты жағындағы қандай іске болмасын араласуға жібермеу қажет”³¹. 1823 жылғы желтоқсанда Джеймс Монроның Конгреске жазбаша түрде жіберген жолдауында сыртқы саясаттың стратегиясы айтылды. Монро доктринасы деп аталған бұл принциптердің мәлімдеулерінде Америка мен Еуропа елінің бірінің ісіне бірі араласпауы, сондай-ақ АҚШ-тың Америкаға үстемдігін айқындайтын басқа да идеялар ресми түрде мәлімделді.

“Біздің еңбегіміз текке кеткен жоқ, – деп жазды Т. Джефферсон Дж. Адамсқа 1821 жылы. Қоғам мен еркіндік ісінің алға қарай батыл қадам басқанына қарап мен үмітсіз өлмеймін... 1776 жылғы 4-шілдеде жағылған алау планетаның үлкен бөлігін қамтып отырғандығы сонша, оны қатал әкімшіліктің әлсіз демі сөндіре алмайды”³².

Тағдырдың бұйрығы болар, Джефферсон “Тәуелсіздік декларациясының” 50 жылдық мерекесі күніне дейін өмір сүрді.

С.Ф. Ударцев



Жан Гудон жасаған Томас Джефферсонның бюсті.
1787 жыл.
Бостондағы нақшты өнер музейі

ЕСКЕРТУЛЕР

Кітапты қазақ тіліне Т. Қаймолдинов мына кітаптан аударды: *Томас Джефферсон. Декларация независимости. Инаугурационные речи. 2-бас-ы, толықтырылған және түзетілген/Инаугурация кезіндегі сөздерін ағылшын тілінен аударғандар С.А. Нұрғазиева мен В.В Марков. Кіріспе мақаласы, ескертулері және құрастырушы С.Ф. Ударцевтікі. Алматы: Жеті жарғы, 2003. Кітаптың бірінші басылымы 1999 жылы орыс тілінде “Әділет” Жоғары құқық мектебінде жарық көрген.*

ТОМАС ДЖЕФФЕРСОННЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

¹ *Джефферсон Томас. Автобиография. Заметки о штате Виргиния. Л., 1990. 21-бет.*

² Сонда, 22-бет.

³ *Джефферсон Томас. Автобиография. Заметки о штате Виргиния / құрастырған және жалпы редакциясын басқарған А.А. Фурсенко; түсіндірмесі мен көрсеткішін жазған В.Н. Плешков; Аударған В.М. Большаков, В.Н. Плешков. Л., 1990. 22-бет. Революция – Т. Джефферсонда бас әріппен берілген.*

Т. Джефферсонның саяси-құқықтық көзқарасы туралы сондай-ақ қараңыз, мысалы: *Севостьянов Г.Н., Уткин А.И. Томас Джефферсон М., 1976; Деев Н.Н. Томас Джефферсон // Политические учения: история и современность. Домарксистская политическая мысль // Жауапты ред. В.Е. Гулиев. М., 1976. 385–399-беттер; Согрин В.В. Основатели США: исторические портреты. М., 1983; Печатнов В.О. Гамильтон и Джефферсон. М., 1984; Графский В.Г. Период борьбы за независимость и выработки конституции // История политических и правовых учений. XVII–XVIII вв. / Жауапты ред. В.С. Нерсисянц. М., 1989. 259–264-беттер және т.б. Падовер С. Джефферсон, третий пре-*

зидент США / Ауд. В. Гиссен. Нью-Йорк: Телекс, 1991; *Шельдон Г.У.* Политическая философия Томаса Джефферсона / Кіріспе мақаласы және жалпы ред басқ. Н.Е. Покровский. М., 1996; Ударцев С.Ф. Томас Джефферсон // Право и государство (Алматы). № 7. 1997. 6–11-беттер; *Ударцев С.Ф.* Политико-правовые взгляды Томаса Джефферсона // В кн. Джефферсон Томас. Декларация независимости. Инаугурационные речи / Кіріспе мақаласы, ескертпелері және құраст. С.Ф. Ударцев. – Алматы: ЖҚМ, “Әділет”, 1999. 5–20-беттер; тағы басқалар.

⁴ Қараңыз: *Падовер С.* Джефферсон, третий президент США / Аударған В. Гессен. Нью-Йорк: Телекс, 1991. 25-бет.

⁵ Қараңыз: *Падовер С.* Көрс. шығ. 51-бет.

⁶ Қараңыз: Сонда.

⁷ *Джефферсон Томас.* Автобиография. Заметки о штате Виргиния. Л., 1990. 38-бет.

⁸ “Тәуелсіздік декларациясына” ескертүүлерді қараңыз.

⁹ *Джефферсон Томас.* Автобиография. Заметки о штате Виргиния. 33-бет.

¹⁰ Джефферсон 1825 ж. Генри Лиге жазған хатында былай деді: “Біз оқиға барысында өз құқығымызды қалпына келтіру үшін қаруға жүгінген кезімізде көпшіліктен өтіну және өзіміздің іс-әрекетімізді ақтау үшін адамзаттың талқысына шығару қажет деп саналды. Тәуелсіздік декларациясының мақсаты да осы еді. Бұған дейін ешкім ойламаған жаңа принциптер немесе жаңа аргументтер іздемеу, бұған дейін ешқашан айтылмаған сөзді айтпау, бірақ адамзат баласының алдына дұрыс ойдың жемісін сөз түрінде және қарапайым да белгілі әрекетпен білдіру, сөйткенде ғана ол нанымды болмақ және біз ие болуға мәжбүр болған тәуелсіздік мәртебесін ақтаған болар еді. Айтылатын принциптердің сонылығын немесе олардың сезімдерін рұхтандыруды мақсат тұтпай, бірақ бұған дейінгі жазылғандардың кейбір тұстарын қайталамай, Декларация американдық ақыл-ойдың құрылымын бейнелеуі керек, бұл өзінің рухы мен сипаты бойынша аталған жайға лайық болуы керек” (Томас Джефферсон о демократии. Спб., 1992. 27-бет).

¹¹ Джефферсонға қарсы жасалған федералистердің қастығының нәтижесінде туындаған, бірнеше аптаға созылған сайлау кезіндегі түйыққа тірелудің ақыры мынаған алып келді: олардың бір бөлігі

өздерінің әрекеттерінің салдарынан штаттар одағының тарап кетуі мүмкіндігінен қауіптен бастады да, нәтижесінде федералистердің кейбіреулері Джефферсонның қарсылығы федералист Беррге қарсы болып, Джефферсон жағына шықты. Дауыс берудің 36-турында он штат дауысын Джефферсонға берді, төртеуі Беррге және екі штаттың өкілдері қандай да бір кандидатты қолдаудан қалыс қалды. Қараңыз: Падовер С. Көрс. шығ. 205-бет.

¹² Томас Джефферсон о демократии. 82-бет.

¹³ Қараңыз: Падовер С. Көрс. шығ. 62-бет.

¹⁴ Жалпы конгреске жиналған Америка Құрама Штаттары өкілдерінің декларациясы // *Джефферсон Томас*. Автобиография. Заметки о штате Виргиния. 34-бет.

¹⁵ Қараңыз: Томас Джефферсон о демократии. 148-б.

¹⁶ Қараңыз: Сонда, 8-бет.

¹⁷ Қараңыз: Сонда, 221-бет.

¹⁸ Сонда, 266-бет.

¹⁹ Томас Джефферсон о демократии. 268-бет.

²⁰ Қараңыз: Сонда, 120-бет.

²¹ Қараңыз: Сонда, 268-бет.

²² Сонда, 54-бет, сондай-ақ 66-бет.

²³ Дж. Вашингтон портреті, суретші Robert Edge Pine (1785) салған. Түпнұсқасы Филадельфиядағы АҚШ-тың Тәуелсіздіктің ұлттық тарихи паркінде сақтаулы.

²⁴ Б. Франклин портреті, суретші Joseph Siffred Duplessis салған. Париж, 1780—1785. Түпнұсқасы Филадельфиядағы АҚШ-тың Тәуелсіздіктің Ұлттық тарихи паркінде сақтаулы.

²⁵ Александр Гамильтонның портреті, суретші Charies Willson Prale салған. Түпнұсқасы Филадельфиядағы АҚШ-тың Тәуелсіздіктің ұлттық тарихи паркінде сақтаулы.

²⁶ “Біз адамзаттың әлемдік бауырластығына кіргендіктен және онымен жоғары да жауапты қарым-қатынаста болғандықтан, біздің қасиетті борышымыз — қызу қанды қызбалықты басып, сенімге қылау түсірмеу, бұл күш қолдану үкіметіне қарағанда ақылмен әрекет істейтін үкіметтің артық екендігінің дәлелі” (Томас Джефферсон о демократии, 53-бет).

²⁷ Қараңыз: Падовер С. Көрс. шығ. 218, 221-беттер.

²⁸ Томас Джефферсон о демократии. 92-бет.

²⁹ Қараңыз: Сонда, 68-бет.

³⁰ Жалпы конгреске жиналған Америка Құрама Штаттары өкілдерінің декларациясы // *Джефферсон Томас*. Автобиография. Заметки о штате Виргиния. 34-бет.

³¹ *Падовер С.* Кітабынан цитата. Көрс. шығ. 275-бет.

³² *В.О. Печатновтың* Гамильтон и Джефферсон кітабы бойынша цитаталар. 330-бет.

ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

“Тәуелсіздік Декларациясының” мәтіні АҚШ тәуелсіздігінің 200-жылдығына орай дайындалған ресми американ аудармасының басылымынан алып жарияланып отыр. “Тәуелсіздік Декларациясының” ресми аудармасының мәтіні мен президент Томас Джефферсонның ағылшын тіліндегі инаугурация кезіндегі сөздерінің мәтіні біздің өтінішіміз бойынша АҚШ-тың Ақпарат қызметінің Ақпарат орталығынан алынды. Біз Алматыдағы АҚШ-тың Ақпараттық қызмет қызметкері Елена Полюваннаға көрсеткен көмегі үшін алғыс айтамыз.

Осы басылымдағы Джефферсонның мәтініне Декларацияны қабылдау кезінде Конгрестің енгізген қосымшалары курсив арқылы берілді. Ескертудің төменгі жағында Джефферсонның мәтінінен Конгресс алып тастаған жерлері берілген. Алынып тасталған жерлер ағылшын тілінен аударылған мәтін бойынша беріледі: Жалпы конгреске жиналған АҚШ өкілдерінің Декларациясы // *Джефферсон Томас*. Автобиография. Заметки о штате Виргиния. Л., 1990. 34–38 беттер.

³³ Одан әрі қарай “туғаннан және” деген сөздер алынып тасталған.

³⁴ Одан әрі қарай “белгілі кезеңде басталған және” деген сөздер алынып тасталған.

³⁵ “Жою” деген сөз “өзгерту” деген сөзбен алмастырылған.

³⁶ Ұлыбритания королі (1760 жылдан) III Георг (1738–1820) — отарлау саясатының, көтеріліске шыққан солтүстік америкалық штаттар мен француздарға қарсы коалициямен күрестің дем берушілерінің бірі. 1811 жылы үшінші Георгтің жүйке ауруына шалдығуына байланысты регенттік тағайындалды.

³⁷ “Босаңсытпай” сөзі “тоқтаусыз” сөзімен өзгертілді.